

## Конкурстан тыс рәсімдер арқылы 2013 - 2015 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 353 қаулысы

«Ғылым туралы» 2011 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес конкурстан тыс рәсімдерді республикалық бюджеттен 2013 – 2015 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша жүзеге асырылады деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының*

*С. Ахметов*

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2013

жылғы

15

сәуірдегі

№

353

қаулысына

қосымша

## Бағдарламалық-нысаналы қаржыландырылуы конкурстан тыс рәсімдер арқылы республикалық бюджеттен жүзеге асырылатын ғылыми-техникалық бағдарламалар

**Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 03.10.2013 № 1047 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 04.11.2013 N 1161 қаулыларымен.**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі:

1) Қазақстан Республикасының көмір-химия саласын дамытуды ғылыми-технологиялық камтамасыз ету;

2) жоғары тұтқыр мұнайды, табиғи битумдарды және жанғыш тақтатастарды өндіру, тасымалдау және кешенді өңдеу технологияларын әзірлеу;

3) топырақты биологиялық азотпен байытуға және бұршақ тұқымдастарының өнімділігін арттыруға арналған «Ризовит-АКС» сериясының биопрепараттарын өндіру технологияларын әзірлеу және ұйымдастыру;

4) «Астана – жаңа қала» АЭА» индустриялық паркінің аумағында жеке меншік жарық диодтары мен жарық диодты шамшырақтарды ғылыми-технологиялық

- қамтамасыз ету және олардың өндірісін құру;  
5) роботтық техникалық жүйелер үшін 3 өлшемді машиналық шолудың зияткерлік жүйесін әзірлеу;  
6) азық-түлік бағдарламасын іске асыру үшін агробиологиялық алуан түрлілік гендік қорын байыту мен сақтап қалудың көзі ретінде Қазақстанның дақылды өсімдіктерінің жабайы туыстарының ботаникалық алуан түрлілігі;  
7) қатерлі сүт безі ісігі кезінде геномының алдын алу және болжау үшін оның құрылымдық-функционалдық ерекшелігі;  
8) 2013 – 2015 жылдарға арналған халықаралық ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалар;  
9) мұнай-газ саласында пайдаланылатын флотореагенттерді техникалық күкірттен, жаңа катализаторлардан және химиялық реагенттерден алу технологияларын әзірлеу және оларды өндіріске енгізу;  
10) ЭКСПО - 2017 шеңберінде 2013 - 2017 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының таза энергия көздерін әзірлеу;  
11) Қазақстан Республикасының аумағында жалпы сейсмикалық аймаққа бөлудің 2013 - 2015 жылдарға арналған картасын әзірлеу;  
12) эпидемиялық өзекті өңірлерде жабайы фаунаны қауіпті патогендердің болуына мониторингілеу және зерделеу және Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін 2013 - 2015 жылдарға арналған кешенді профилактикалық іс-шараларды әзірлеу;  
13) 2013 - 2015 жылдарға арналған қазақ жазуын жаңа ұлттық әліпбиге көшірудің ғылыми негіздерін кешенді зерттеу.